

Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарлар сату құқығы үшін алым туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 12 шілде N 955. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.09.04. N 840 қаулысымен. ~P980840

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

I. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы үшін алым туралы Ереже;

Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы үшін алымның шекті мөлшері. <*>

Ескерту. 1-тармақта өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1996.02.23.

N 234 қаулысымен. P960234_

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

рыноктарда тауарларды сату құқығын куәландаратын талондарды сатып алушы оңайлатуды қамтамасыз етсін, сондай-ақ халықта қолайлы жерлерден сауда алаңы мен үй-жайларын бөлсін;

тиографиялық тәсілмен талондар әзірлеуді қамтамасыз етсін;

олардың мақсатына, орналасқан жеріне, сауда аландарының

көлеміне және техникалық жарақтануына байланысты рыноктардың санаттарын белгілесін.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне рыноктарда тауарларды сату құқығы үшін алымның мөлшерін реттеу құқығы берілсін.

<*>

Ескерту. 3-тармақ жаңа - ҚРМК-нің 1996.02.23. N 234

қаулысымен.

P960234_

4. Жергілікті жерлердегі салық қызметінің органдары осы қаулының орындалуына бақылау жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 12 шілдедегі
N 955 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының рыноктарында
тауарларды сату құқығы үшін алым туралы

Е Р Е Ж Е

I. Осы Ережеге сәйкес тауарларды сатуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен тауарларды, сондай-ақ олар үшін арнайы бөлінген орындарда өздеріне тиесілі мүліктерін сатуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары не азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының рынокторында тауарларды сату құқығы үшін алым төлеушілер болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы үшін алым белгілі бір мерзімге тауарлар мен мүлікті бір жолғы сату құқығын куәланышыратын талондар сатып алу үшін күн сайынғы акы нысанында алынады.

Алымды рынок қызметкерлері алады, оны сауда басталғанға дейін жеке және заңды тұлғалар төлейді. Төленген алым сомалары қайтарылмайды. <*>

Алым түрінде рынок кассасына түсken қаражат белгіленген заң тәртібімен күн сайын инкасацияланады және тиісті жергілікті бюджеттер есебіне жазылады.

Ескерту. 2-тармақтың 2-ші абзацына өзгеріс енгізілді - ҚР

Үкіметінің 1996.02.23. N 234 қаулысымен.

3. Алым төлеушілер салық қызметі қызметкерлерінің талабы бойынша өздері сатып алған бір жолғы талонын көрсетуге міндettі.

Салық органдары алымның түсуіне бақылау жасайды.

4. Сатып алған талондарды басқа адамдарға беруге тыйым салынады.

5. Талондарды бір күннен отыз күнге дейінгі мерзімге беруге рұқсат етіледі, бұл орайда алым сомасы күн санына сайма-сай арттырылады.

6. Барлық санаттағы мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оған теңестірілген адамдар, Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, "Халық Қаһарманы" атағы бар, үш дәрежелі Даңқ орденімен және "Отан" орденімен наградталған адамдар, зейнеткерлер, "Алтын Алқа" және "Ардақты ана" атағына ие болған көп балалы аналар белгіленген алым мөлшерінің 50 проценттің төлейді.

7. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде салық қызметі органдарында тіркелген жеке адамдар Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы үшін алым төлеуден босатылады. <*>

Ескерту. Ереже жаңа 7-ші тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің
1996.02.23. N 234 қаулысымен.

8. Бір жолғы талондарды сатып алмай сауда жасаушы жеке

және заңды тұлғалар алым төлеуден жалтарушылар болып есептеледі.

<*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді, 7-тармақ 8-ші тармақ
болып саналды - ҚР Үкіметінің 1996.02.23. N 234
қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы
үшін алым мемлекеттік емес меншік нысандарындағы рыноктарда рынок
екімшілігінің жергілікті атқарушы өкімет органымен шарттың
қағидаларымен жүзеге асырылады деп белгілесін.

<*>

Ескерту. Қаулы 9-шы тармақпен толықтырылды, 8 тармақ 10 болып
саналды - ҚР Үкіметінің 1996.02.23. N 234 қаулысымен.

10. Талон бермеген рынок қызметкерлері қолданып жүрген
зандарға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 12 шілдедегі
N 955 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының рыноктарында
тауарларды сату құқығы үшін алым мөлшері
есептік көрсеткішке процентпен
бір күнгі сауда-саттық үшін

<*>

Рыноктың мамандануы		Рынок санаты					
I		I		II		III	
I		2		3		4	

1. Азық-түлік (көтерме сауда):

машинадан сату	300	200	100
жаймадан сату	100	60	30

Оның ішінде:

Азық-түлік (көкөніс, жеміс-жидек,
ашыған сүт өнімдері,
кеptірілген жемістер
бал):

машинада сату	300	200	100
жаймадан сату	100	60	30
қолдан сату	30	20	10
Азық-түлік (ет өнімдері)	50	30	20
Гүлдер	100	60	20

2. Заттай:

контейнерден сату	300	200	100
машинадан сату	200	100	50
жаймадан сату	100	60	30
қолдан сату	30	20	10

3. Автомобиль:

автомотокөлігінің I өлшемін сату	200	100	50
босалқы бөлшектер сату	200	100	50

4. Бағымдағы мал:

ірі қара мен жылқы сату	80	40	20
басқа малдарды сату	50	30	20
құс сату	30	20	10

Басқа да үй малдарын, құстарын,
аңдарын сату

50 30 20

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРЫ-нің 1996.08.09.

N 987 қаулысымен.

P960987_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК